

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ҚАУЛЫСЫ**

2020 жылғы 11 мамыр

Алматы қаласы



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 64  
город Алматы

**«7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру»  
ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасын бекіту туралы»  
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының  
2018 жылғы 31 мамырдағы № 107 қаулысына  
өзгеріс енгізу туралы**

Өңірлердің белсенді қатысуын арттыру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 107 қаулысымен бекітілген «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасын» одан әрі іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 107 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасында:

«VII. Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беру талаптары» деген бөлімде:

кестеде:

« Сатып алынатын тұрғын үйдің ең жоғары құны	Нұр-Сұлтан, Алматы және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған шекаралары шеңберінде олардың қала маңы аймақтары, Ақтау, Атырау, Шымкент қалалары үшін - 25 млн теңге, басқа өңірлер үшін - 15 млн теңге
--	--

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

« Сатып алынатын тұрғын үйдің ең жоғары құны	Нұр-Сұлтан, Алматы және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған шекаралары шеңберінде олардың қала маңы аймақтары, Ақтау, Атырау, Шымкент қалалары үшін - 25 млн теңге Қарағанды қаласы үшін -20 млн теңге басқа өңірлер үшін - 15 млн теңге
--	---

2. Қаржы ұйымдарын дамыту департаменті осы қаулы қабылданғаннан кейін күнтізбелік жеті күн ішінде оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.А. Біртановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

**Ұлттық Банк  
Төрағасы**

**Е. Досаев**